

Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

2024-2025 оқу жылына колледж талапкерлеріне арналған іріктеу турда қойылатын критерийлер мен талаптар

мамандық: **«02130100 КЕСКІНДЕМЕ, МҮСІН ЖӘНЕ ГРАФИКА (түрлері бойынша)»**
біліктілігі: **4S02130101 - суретші («Станокты кескіндеме», «Станокты графика», «Анимациялық графика»);**
4S02130102 - суретші-мүсінші «Мүсін»;

Алдын ала шығармашылық іріктеу түрі

Іріктеу турға әр-түрлі жанрда орындалған 15-20 жұмыстан кем емес А3 форматында орындалған көркемсурет шығармалары қабылданады: сурет 5-7 жұмыс, кескіндеме 5-7 жұмыс, үйлестіру 5-7 жұмыс.

Ұсынылған жұмыстар негізінде негізгі шығармашылық емтихандарға жіберу шешімі қабылданады. Жұмыстар осы критерийлер тақырыпқа және деңгейге сәйкес келуі керек.

Сурет критерийлері:

- осы тақырыпқа сәйкес болуы керек «Геометриялық фигуралармен натюрморт», «Екі немесе одан да көп заттардан құралған натюрморт», «Гипс розеткасымен натюрморт», «Гипс розеткасы»;
- параққа заттарды дұрыс орналастыру (композициялық орналасуы), заттардың пропорцияларын сақтау;
- формаларды түс-реңкті өңдеу, жұмысты қорытындылау және аяқтау;
- графикалық материалдар техникасын қолдану (қарапайым қарындаш, жұмсақ материал).

Кескіндеме критерийлері:

- «Екі немесе одан да көп заттардан құралған натюрморт» тақырыбына жұмыстың сәйкес келуі;
- параққа заттарды дұрыс орналастыру (композициялық орналасуы), заттардың пропорцияларын сақтау;
- формалардың түс-реңкті өңдеу, жұмысты қорытындылау және аяқтау;
- кез-келген кескіндеме техникасын қолдану (акварель, гуашь, акрил).

Үйлестіру критерийлері:

«Станокты кескіндеме»

- тақырыптық композиция, еркін тақырып (қосымша материал: акварель, гуашь, акрил)

«Станокты графика»

- тақырыптық композиция, еркін тақырып (еркін таңдау материалдары: сия, қауырсын, қара қалам, акварель «гризайль»)

«Анимациялық графика»

- еркін тақырып (қосымша материал: қарындаш, сия, акварель, гуашь)
- сюжеттің раскадровкасын А3 форматында 9 суретте орындау
- А3 форматы

«Мүсін»

- тақырыптық композиция, еркін тақырып (қосымша материал: пластилин және т.б.)

Педагогикалық кеңесте қаралды және талқыланды, 2024 жыл 09 сәуірдегі № 4 хаттама.

Егер үміткер іріктеу турынан өткен болса, онда тиісті құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырады және қабылдау емтихандарына қатыса алады.

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА мектеп-интернатын бітірген талапкерлерге ескерту:

- іріктеу комиссиясына жалпыға бірдей талапқа сәйкес таңдаған біліктілікке үйлестіру пәнінен жұмыстарын ұсынуы тиіс.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР: - кесте бойынша,

- онлайн консультация (видеосабқтар) сайтта «Талапкер» бөлімінде;